

FTAXP 06.71.07
ӘОЖ 338.436

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-36-41>

Н.Е. ДАБЫЛТАЕВА,*¹

Э.Ғ.К., доцент М.А.

*e-mail: nazym62@mail.ru

А. НУРТАЕВА,¹

экономика ғылымдарының магистрі.

e-mail: n_aruzhana@mail.ru

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Андатпа

Жұмыстың мақсаты – елдегі ауыл шаруашылығы кооперациясының жағдайын талдай отырып, оның әлеуетін, даму бағыттарын, Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін анықтау. Бүгінде, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға өз үлесін қосып отырған ауыл шаруашылығының болашағы зор. Шетелдік инвестицияларды тарта отырып, елдің ауыл шаруашылығын дамыту кооперацияларын құру арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл салаға фермерлерді, кәсіпкерлерді белсенді тарту, қаржылық-материалдық көмек көрсету, ауылдық аймақтарды инфрақұрылымдық дамытуды қарқынды жүргізу талап етеді. Мақалада қазіргі жағдайда ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді тұрақтандыруды қамтамасыз етуге қабілетті және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басым нысаны болып табылатын ауылшаруашылық кооперациясының жай-күйі қарастырылды. Ел экономикасының мәселелерін кешенді шешуді қамтамасыз ету үшін ауыл аумағын кешенді дамыту тетігі ретінде ауыл шаруашылығы кооперативін тұтынушылық жабдықтау мен өткізуді енгізу, экспорттық қызметке бағдарланған ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру ұсынылды. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту мәселелерін шешу, оны ары қарай дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы кооперациясы, кооперативтер, агроөнерәсіп кешені, инфрақұрылым, мемлекеттік қолдау, аграрлық сектор, экспорт.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығы кооперациясы әлемде кедейлікті жеңудің тәсілі ретінде пайда болып, бүгінде белсенді жұмыс істеуде. Көптеген зерттеулер ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі өндірісінің тұрақтылығы мен қарқынын арттыруда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыруда көрінетін кооперацияның оң нәтижелерін дәлелдеді. Сол себепті отандық және шетелдік тәжірибе ел экономикасының аграрлық секторының тұрақты жұмыс істеуі үшін кооперативтерді дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Ауылда ауыл шаруашылығын жүргізудің кооперативтік нысандарын қалыптастыру және тиімді дамыту Қазақстанның аграрлық сектордағы интеграциялық өзара іс-қимылын тереңдету тұрғысынан ерекше мәнге ие болады, оның негізгі мақсаты – АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өзара тиімді экономикалық байланыстарды дамыту және ортақ перспективадағы аграрлық нарықты қалыптастыру. Іске асырылып жатқан өзгерістердің табыстылық дәрежесі көбінесе ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың тиімділігін арттыруға бағытталған іргелі қолданбалы зерттеулердің нәтижелерімен айқындалады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың тиімділігін арттыру мәселесі өзекті болып табылады.

Негізгі ережелер

Қазіргі ұлттық экономикада ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту – аграрлық сектордың табысты дамуының маңызды факторларының бірі. Алайда, 90-жылдары бірнеше

саяси және экономикалық қайта құруларды бастан өткерген Қазақстанда Батыс Еуропа мен Америкада болғандай дамыған кооперативті сектор болған жоқ. Қазақстандағы аграрлық кооперацияны дамытудағы басты кедергілердің бірі – құқықтық және саяси институттардың дамымауы, толыққанды жекеменшік институтының болмауы, ауыл тұрғындарының жеке экономиканы дамытуға, содан кейін бір-бірімен ынтымақтастыққа экономикалық және құқықтық мүмкіндіктерінің болмауы.

Талдау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оның рөлі мен маңызын төмендетуге ықпал ете отырып, кооперативтік қағидаттардың артықшылықтарын іске асырудың, азық-түлік қорын қалыптастыруда резервтер құрудың мүмкін еместігін растайды. Жағдайды ауыл шаруашылығы өндірісін ірілендіру, ұсақ шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру және өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін жылжыту жүйесінде инфрақұрылымды дамыту арқылы трансформациялау құтқарады [1].

Материалдар мен әдістер

Жұмыста экономикалық зерттеулердің аналитикалық, экономикалық-статистикалық, сараптамалық бағалау секілді әдістері қолданылды. Теориялық ұстанымдарды негіздеу және қорытындыларды дәлелдеу кезінде логикалық әдістер мен модельдер (индукция, дедукция, абдукция; гипотетикалық-дедуктивті модель), жалпы ғылыми әдістер (жалпылау, абстракция, салыстырмалы салыстыру, талдау, синтез) қолданылды.

Ақпараттық база ретінде БҰҰ ФАО, сондай-ақ ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің, ОЭСР, ҚР ауыл шаруашылығы министрілігінің ақпараттық-талдау мәліметтері мен есептері, статистикалық деректері қызмет етті.

Талқылаулар

Қазақстанның аграрлық әлеуетінің дамуына қарай АӨК-нің техникалық жарақтандырылу сапасын арттыру мәселелеріне көп көңіл бөлу қажет. Қазақстанда кооперативтер өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған үй шаруашылықтарын қолдауда маңызды рөл атқара алады [2].

2021 ж. қаңтар-қыркүйек айлары аралығындағы мәлімет бойынша, елімізде 3026 ауыл шаруашылығы кооперативтерінде 7525 қызметкер тіркелген болатын. Кооперативті дамудың төмен деңгейі бұрынғы экономикасы жоспарлы болған кейбір елдерде де байқалады, мысалы, Румынияда (0,3%), Грузияда (1,3%) және Чехияда (3,5%).

Ауыл шаруашылық кооперативтері Еуропалық Одақ елдерінде аса белсенді түрде жұмыс істейді, онда фермалардың 57%-ы кооперативтерге қатысады; салыстыру үшін, Түркияда бұл көрсеткіш 138%, ал АҚШ-та 92%-ды құрайды. Австрияда, Финляндияда, Германияда және Швецияда орташа фермер кемінде екі ауылшаруашылық кооперативінің мүшесі болып табылады [3]. Келтірілген деректер Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы кооперативтік қозғалыстың одан әрі өсуі мен дамуының үлкен әлеуеті бар екендігін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Қазақстанның ЖІӨ-де ауыл шаруашылығының үлесі 2020 ж. 5,3%-ды құрады (өткен жылмен салыстырғанда 0,8%-ға артық).

Ауыл шаруашылығы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуында маңызды рөл атқаруда. 2021 ж. агросектордың үлесіне барлық экспорт көлемінің 3723,7 млн доллары немесе 6,2%-ы тиесілі болса, ал импорт көлемінің 4870,6 млн доллары немесе 11,8%-ы тиесілі болған (1-кесте, 38 б.). Оның басым бөлігі ЕАЭО елдерімен белсенді жүруде. 2017 ж. бастап, 5 жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттағы үлесі 5%-дан 6,2%-ға дейін артқандығын, ал импорттағы үлесі тұрақты қалыпта қалып отырғанын байқаймыз.


Қазақстанда астық өндіру көлемінің тұрақсыздығы және климаттық жағдайларға байланысты ауытқуларға ұшырағанына қарамастан, бидай мен ұн тұрақты ауыл шаруашылығы өнімдерінің арасында басты экспорттық тауарлар болып табылады. Бүгінде экспорт құрылымында оның құнының 55%-ы (10962,4 тонна немесе 3623 мың долл.) тиесілі болды. Энергия ресурстары экспортының өсуі, жалпы ұлттық кірістің өсуі ауылшаруашылық тауарларына тұтынушылықты арттырды [3].

Кесте 1 – 2017–2021 жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты мен импорты, млн АҚШ доллары

Жылдар	Экспорт көлемі	Жалпы экспорттағы үлесі, %	Оның ішінде, ЕАЭО елдерімен	Импорт көлемі	Жалпы импорттағы үлесі, %	Оның ішінде, ЕАЭО елдерімен
2017	2417,6	5,0	1273,8	3473,2	11,7	2222,8
2018	3201,01	5,1	1487,8	3638,4	10,8	2374,2
2019	3282,4	5,7	1829,8	3967,3	15,3	2645,0
2020	3352,6	7,1	2044,4	4091,6	10,5	2842,3
2021	3723,7	6,2	2342,9	4870,6	11,8	3408,8

Ескертпе – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша автормен құрастырылды.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 2021 ж. тамыз айындағы мәліметтер бойынша 2,8 трлн теңгені құрап отыр. Ал 2016–2020 жж. аралығында бұл көлемнің 2,6 трлн теңгеге немесе 72%-ға артқандығын байқауға болады (1-сурет). Жалпы шығаралым көлемінің ұлғаюы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы есебінен де орын алған. 2020 ж. мал шаруашылығында өндіріс көлемі 2,6 трлн тг, ал өсімдік шаруашылығы 3,6 трлн теңгені құрады, осыдан олардың үлесі сәйкесінше 42% және 57,7% болды. Осы тұрғыдан ет өнімдерін шығаруда Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары көш бастаса, өсімдік шаруашылығында Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Алматы облыстары басым болғандығын аңғарамыз.



Сурет 1 – 2016–2020 жж. ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылым динамикасы, трлн теңге

Ескертпе – [4] дереккөзі негізінде құрастырылды.

Ауыл шаруашылығы кооперациясының тиімсіз жұмыс істеуіне әсер еткен факторлар ретінде келесілерді ұсынуға болады: халықта білімнің жеткіліксіздігі мен оның артықшылықтарын түсінбеуі, өнімді сақтау мен сату инфрақұрылымының дамымағандығы, қолданыстағы заңнаманың күрделілігі мен шатастырылуы, кірістерді коммерциялық емес ұйымдардың нысанында құрылған ауылдық тұтыну кооперативтерінде бөлу мүмкін еместігі, суды пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері мен ауылшаруашылық серіктестіктері үшін арнайы салық режимі және жеңілдікпен несиелеу түріндегі мемлекеттік қолдау шараларының болмауы. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған кооперативтердің қызметі түсініксіз болып қалды және ішкі процедуралар шамадан тыс реттелді. Осы аталғандардың барлығы Қазақстанда кооперативтерді дамытуға кедергілер тудырды [5].

Бүгінгі таңда елде жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің санының артқандығын байқаймыз (2-кесте, 39 б.). 2018 ж. жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2858 ауыл шаруашылығы кооперативтері болса, 2020 ж. саны 2,1%-ға немесе 61 кооперативке артып, 2919-ға жеткен. 2021 ж. 2-тоқсаны бойынша олардың саны 3030 құрап отыр.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің басым бөлігі Түркістан (703), Ақмола (284) және Шығыс Қазақстан (283) облыстарында орналасқан. Құрылған кооперативтердің басым көпшілігі мал шаруашылығына мамандандырылған (83%). 2021 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара мал саны 120,4 мың басты, оның ішінде етті табындағы сиырлар – 32,5 мың басты, қойлар – 144,0 мың басты және жылқылар –

8,9 мың басты құрады. Ал өсімдік шаруашылығы еліміздің оңтүстік өңірлерінде – Алматы, Түркістан облыстарында кеңінен танымал.

Кесте 2 – ҚР жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қазақстан Республикасы	2 858	2 840	2 919
Ақмола	280	287	284
Ақтөбе	183	180	181
Алматы	234	238	245
Атырау	17	21	19
Батыс Қазақстан	205	176	182
Жамбыл	164	181	253
Қарағанды	134	142	137
Қостанай	130	124	122
Қызылорда	194	192	183
Маңғыстау	18	19	24
Павлодар	119	118	108
Солтүстік Қазақстан	165	148	138
Түркістан	618	645	703
Шығыс Қазақстан	347	312	283
Нұр-Сұлтан қаласы	2	3	5
Алматы қаласы	6	7	5
Шымкент қаласы	42	47	47
Ескертпе – [6] ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды.			

Қазақстан Республикасы бойынша 2919 кооперативте 7692 қызметкер жұмыс істейді. Басым бөлігі Түркістан, Алматы және Ақтөбе облыстарында орналасқан. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрамына 573 заңды тұлғалар, 22588 дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары және 26213 үй шаруашылықтары кіреді.

ҚР АШМ мәліметінше, агросекторда 3026 кооператив жұмыс істеуде. Мұнда қайта өңдеумен және өткізумен айналысатын өндірістік кооперативтер құруды барынша ынталандыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Кооперациядағы тік интеграция шығындарды азайту және қосылған құн тізбегінің әр сатысында делдалдарды алып тастау арқылы ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру тетігі бола алады. Кооперация тетіктері сапалы жем-шөптің тапшылығы, қаржының жетіспеуі, шикізатты тасымалдау мен сақтау инфрақұрылымының дамымауы және т.б. сияқты мәселелерді шешу жөніндегі шаралармен бірге пайдаланылуы тиіс.

Нәтижелер

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің елде белсенді дамуы үшін, азық-түлік қауіпсіздігін толығымен қамтамасыз етуі үшін келесідей даму перспективалары ұсынылады:

1) қазіргі заман талабына сай келетін ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін, оның ішінде биотехнология, гендік инженерия, заманауи техникаларды ауыл шаруашылығына белсенді араластыру және қолдану;

2) агросектордың экономиканың басқа да секторымен байланысын нығайту. Францияда кооперативтер банктер мен сақтандыру компанияларымен ынтымақтастығы жағдайында олар өнім өндіріп қана қоймай, жеңілдікпен несие алуына, табиғи-климаттық жағдайларға, техникалардың бұзылуына байланысты өнімдерді әртүрлі жоғалтулардан алдын алу үшін сақтандыру құралдарын пайдалануына мүмкіндік ала алады;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтерін басқару жүйесін жаңғырту. Мысалы, Жапонияның ауыл шаруашылығы кооперативтері өндірістік материалдар мен күнделікті тауарларды, атап айтқанда минералды тыңайтқыштарды, агрохимикаттарды, буып-түю және картон материалдарын, ауылшаруашылық техникаларын тарату мен сатуды да қамтиды;

5) ауыл шаруашылығы кооперативтері жақсы дамыған елдердің тәжірибелерін отандық тәжірибеге сәйкестендіре отырып, оларды белсенді қолдану, кадрларды оқыту, тәжірибе алмасу.

Қорытынды

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін барлық ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік тауар өндірушілерін біріктіру, өңірдің экспорттық әлеуетін дамыту қажет. Маңызды бағыттардың бірі ретінде, экспорттық қызметке бағытталған ауылшаруашылық тұтыну кооперацияларын құру ұсынылады. Ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу кәсіпорындары мен логистика ұйымдарын кооперативке біріктіре отырып, тауар өндірушілер келесі шараларды жасай алады:

- ♦ өнімді шетелдік нарықтарда ілгерілету бағдарламасын әзірлеу, тауар белгілерін әзірлеу үшін ірі аутсорсингтік маркетингтік компаниялардың қызметтерін пайдалану;
- ♦ жаңа технологияларды енгізу бойынша ғылыми-зерттеу ұйымдарымен келісімшарт бойынша жұмыс істеу;
- ♦ көліктік тасымалдау қызметтерін пайдалану және тарифтік мәселелерді еңсеру;
- ♦ бірінші кезекте ТМД елдерімен ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және өз өнімін басқа елдерде бірлесіп ілгерілету жөнінде халықаралық кооперациялар құру.

Шағын және орта кәсіпорындарда ауылшаруашылық өндірісін дамыту үшін экспортқа бағдарланған ауылшаруашылық тұтыну кооперативтерін құрған жөн. Өндірістік-өткізу кооперативтерін құру: экспорт бойынша сату үшін жарамды өнімдердің ірі партияларын жинақтауға; өткізу инфрақұрылымының дамымағандығы, әсіресе республиканың алыс аудандарында мәселелерді шешуге мүмкіндік береді; ауылдық аумақтарды дамытудың бірыңғай стратегиясын қалыптастыру және іске асыру; отандық және халықаралық нарықтарда қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «ұлттық сертификаттау жүйесі» жобасы аясында өндірілген тауарларды ерікті сертификаттаудан өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абдыкалиева Ж.Ш., Казиева А.Н., Маевский Д.П. Сельскохозяйственная кооперация в Казахстане: состояние и потенциальные возможности // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 2. – С. 171–179.
- 2 Калиев Г.А., Акимбекова Г.У. Сельскохозяйственная кооперация в Республике Казахстан: проблемы и пути их решения // Проблемы агрорынка. – 2018. – № 1. – С. 7–15.
- 3 OECD. Мониторинг развития сельскохозяйственной кооперации в Казахстане, OECD Publishing, Paris. URL: <http://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/centralasia/Kazakhstan-Monitoring-Agricultural-Co-operatives-2019-RUS.pdf>
- 4 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросы. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/6> (дата обращения: 26.09.2021)
- 5 Рубаева О.Д., Лилимберг С.И. Перспективы повышения эффективности развития сельскохозяйственной кооперации в условиях нового закона Республики Казахстан «О сельскохозяйственных кооперативах» // Аграрный вестник Урала. – 2017. – № 07(161). – С. 90–96.
- 6 ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми статистикасы. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5>

REFERENCES

- 1 Abdykalieva Zh.Sh., Kazieva A.N., Maevskij D.P. (2021) Sel'skhozjajstvennaja kooperacija v Kazahstane: sostojanie i potencial'nye vozmozhnosti // Problemy agrorynka. No. 2. P. 171–179.
- 2 Kaliev G.A., Akimbekova G.U. (2018) Sel'skhozjajstvennaja kooperacija v Respublike Kazahstan: problemy i puti ih reshenija // Problemy agrorynka. No. 1. P. 7–15.
- 3 OECD. Monitoring razvitija sel'skhozjajstvennoj kooperacii v Kazahstane, OECD Publishing, Paris // URL: <http://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/centralasia/Kazakhstan-Monitoring-Agricultural-Co-operatives-2019-RUS.pdf>
- 4 Qazaqstan Respublikasynyñ Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi, Ұлттық статистика бюросы. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/6> (data obraşenia: 26.09.2021))
- 5 Rubaeva O.D., Lilimberg S.I. (2017) Perspektivy povyshenija jeffektivnosti razvitija sel'skhozjajstvennoj kooperacii v uslovijah novogo zakona Respubliki Kazahstan «O sel'skhozjajstvennyh kooperativah» // Agrarnyj vestnik Urala. No. 07(161). P. 90–96.
- 6 QR ÜEM Statistika komitetiniñ resmi statistikasy. URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5>

Н.Е. ДАБЫЛТАЕВА,*¹

к.э.н., и.о. доцента.

*e-mail: nazym62@mail.ru

А. НУРТАЕВА,¹

магистр экономических наук.

e-mail: n_aruzhana@mail.ru

¹Казахский национальный

университет им. аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ КООПЕРАЦИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Цель работы – проанализировать состояние сельскохозяйственной кооперации в стране, определить ее потенциал, направления развития, роль Казахстана в обеспечении продовольственной безопасности. Сегодня сельское хозяйство, которое вносит свой вклад в повышение конкурентоспособности Казахстана, имеет большое будущее. Развитие сельского хозяйства страны с привлечением иностранных инвестиций будет достигнуто путем создания коопераций. С этой точки зрения требуется интенсивное вовлечение фермеров, предпринимателей в эту сферу, оказание финансово-материальной помощи, инфраструктурное развитие сельских территорий. В статье рассматривается состояние сельскохозяйственной кооперации, способной обеспечить стабилизацию производства сельскохозяйственной продукции в современных условиях и являющейся приоритетной формой обеспечения продовольственной безопасности страны. Для обеспечения комплексного решения проблем экономики страны в качестве механизма комплексного развития сельской территории предложено введение сельскохозяйственного кооператива потребительского снабжения и сбыта, создание сельскохозяйственных кооперативов, ориентированных на экспортную деятельность. Даны рекомендации по решению проблем развития сельскохозяйственной кооперации, ее дальнейшему развитию.

Ключевые слова: сельскохозяйственная кооперация, кооперативы, агропромышленный комплекс, инфраструктура, государственная поддержка, аграрный сектор, экспорт.

N.E. DABYLTAYEVA,*¹

c.e.s., associate professor deputy.

*e-mail: nazym62@mail.ru

A. NURTAYEVA,¹

master of economic sciences.

e-mail: n_aruzhana@mail.ru, 87073770170

¹Al-Farabi Kazakh National University,

Kazakhstan, Almaty

STATE AND PROSPECTS OF AGRICULTURAL COOPERATION DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

The purpose of the work is to analyze the state of agricultural cooperation in the country, determine its potential, development directions, the role of Kazakhstan in ensuring food security. Today, agriculture, which contributes to improving the competitiveness of Kazakhstan, has a great future. The development of the country's agriculture with the attraction of foreign investment will be achieved through the creation of cooperatives. From this point of view, it requires intensive involvement of farmers and entrepreneurs in this area, providing financial and material assistance, and infrastructural development of rural areas. The article considers the state of agricultural cooperation, which is able to ensure the stabilization of agricultural production in modern conditions and is a priority form of ensuring the food security of the country. In order to provide a comprehensive solution to the problems of the country's economy, the introduction of an agricultural cooperative for consumer supply and marketing, the creation of agricultural cooperatives focused on export activities is proposed as a mechanism for the integrated development of rural areas. Recommendations for solving the problems of agricultural cooperation development and its further development are given.

Key words: agricultural cooperation, cooperatives, agroindustrial complex, infrastructure, government support, agricultural sector, export.